

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-4800-KS және RT-4800-FS

FlexLock™ тізе тіреуіші және аяқ тіреуіші





EC	REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta	 АҚШ-та жасаған өндіруші Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 484-720-6053 www.Qfix.com
----	-----	---	---

FlexLock – Qfix компаниясының сауда белгісі.

Exact® – Varian Medical Systems компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Super Sani-Cloth® – PDI Healthcare компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ҚОСЫМША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	4
МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	4
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	5
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	6
ФУНКЦИЯЛАР	7
КОМПОНЕНТТЕР	7
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	8
FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН БАПТАУ	8
FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН АЛЫП ТАСТАУ	11
АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІН ТІРКЕУ (RT-4489STRAP)	12
FLEXLOCK АЯҚ ТІРЕУІШІН РЕТТЕУ	13
FLEXLOCK АЯҚ ТІРЕУІШІН АЛЫП ТАСТАУ	13
АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІН ТІРКЕУ (RT-4489STRAP)	14
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	15
ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ	15
ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАҢДЫРУ	15
БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ	16
БАПТАУ ПАРАҒЫ	17
FLEXLOCK™ ТІЗЕ ТІРЕУІШІ ЖӘНЕ АЯҚ ТІРЕУІШІ	17

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6053 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ҚОСЫМША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрылғыларды үстел бетінің беткейлері әрқашан толық көтеріп тұруы керек.

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрылғылардың үстіне өткір заттар қоюға БОЛМАЙДЫ.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тізе тіреуішін және аяқ тіреуішін қауіпсіз пайдалану үшін пайдалану алдында пайдаланушыға жүйені қауіпсіз пайдалануды үйретіп, жаттықтырған жөн.

Тізе тіреуіші мен аяқ тіреуішін дәл және қауіпсіз пайдалану үшін пайдаланушының аурухана жағдайында қажет тәжірибесі болуы керек.

Емдеуді бастау алдында құрылғылар емделушінің тірек бетіне мықтап орнатылғанын және орнатудың дұрыстығын тексеріңіз.

Әр пайдалану алдында құрылғының зақымдалмағанын тексеріңіз.

МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

MR Бейклиналық сынақтар **RT-4800-KS тізе тіреуіші** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. Бұл құрылғыны МР жүйесінде пайдалануға болады.

MR Бейклиналық сынақтар **RT-4800-FS аяқ тіреуіші** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. Бұл құрылғыны МР жүйесінде пайдалануға болады.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



МР ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ

Бар болған кезде, бұйым барлық МР орталарында белгілі қауіп тудырмайды. Рұқсат етілмеген компоненттермен немесе аксессуарлармен пайдалануға БОЛМАЙДЫ. Ферромагниттік немесе өткізгіш заттармен бірге пайдалануға БОЛМАЙДЫ.



ҰСТАП ҚАЛУ АЙМАҒЫ

Емделуші мен пайдаланушы жарақат алмауы үшін FlexLock тізе тіреуішін абайлап пайдаланыңыз

- FlexLock аяқ тіреуішінің ұршықтары мен табаны арасында

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Бұл құрылғы сәулелік терапиядан өтіп жатқан емделушілерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ


Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ФУНКЦИЯЛАР

КОМПОНЕНТТЕР



1. FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІ

FlexLock тізе тіреуіші екі түрлі биіктікке оңай конфигурацияланады және дәл, қайталанатын позициялау үшін визуализация немесе емдеу бетінде ең жоғарыдан ең төмен позицияға дейін реттеуге мүмкіндік береді. Ол қосымша бекіту үшін қысқыш аяқ белдіктерін (RT-4489STRAP) қабылдай алады.

2. FLEXLOCK ТІЗЕ ҚАЛҚАНЫ

Контурлы қалқан қысым нүктесінің кернеуін жеңілдетуге және емделушіге жайлылықты жақсартуға арналған.

3. FLEXLOCK ТІЗЕ ТАБАНЫ

Табан биіктіктің екі түрлі жылдам реттелуін жеңілдетеді және сырғымалы құлыпты тарту немесе итеру арқылы ең жоғарыдан ең төмен позицияға дейін реттеуге мүмкіндік береді.


4. FLEXLOCK АЯҚ ТІРЕУІШІ

FlexLock аяқ тіреуішін бұрышпен орналастыруға болады және ол дәл, қайталанатын позициялау үшін визуализация немесе емдеу бетінде ең жоғарыдан ең төмен позицияға дейін реттеуге мүмкіндік береді. Ол қосымша бекіту үшін қысқыш аяқ белдіктерін (RT-4489STRAP) қабылдай алады.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН БАПТАУ

1. Үстел бетіндегі қалаған жерге 2 істікшелі позициялық тақтайша орнатыңыз. (1-сурет)




1-сурет

2. Тізе тіреуішінің табанын төңкеру арқылы кіші немесе үлкен конфигурацияда орнатуға болады. (2 және 3-суреттер)



2-сурет




3-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН БАПТАУ

3. Жапсырма бағытын емделушінің жоғарғы және төменгі бағытымен сәйкестендіру арқылы тізе тіреуішінің негізі дұрыс бағытта екеніне көз жеткізіңіз, содан кейін позициялық тақтайшаға орнатыңыз. (4 және 5-суреттер)



4-сурет



5-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН БАПТАУ


4. 4 бұрыштық істікті тізе тіреуішінің табанындағы сәйкес келетін саңылаулармен туралау арқылы тізе тіреуішінің қалқанын орнатыңыз. (6-сурет)

! ЕСКЕРТПЕ ! Қалқан мен табанның бұрыштық геометриясы дұрыс бағдарлау үшін сәйкес болуы керек. (7-сурет)


! ЕСКЕРТПЕ ! 4 тізе тіреуіші қалқан істігінің барлығы тізе тіреуішінің табанына толық орналасуын қамтамасыз етіңіз. (8-сурет)



6-сурет



7-сурет




8-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН БАПТАУ

5. Сырғымалы құлыпты тарту немесе итеру арқылы тізе тіреуішін жоғары/төменгі бағытта реттеңіз. Сырғымалы құлып толық жабылғанына және керекті орын позициялық тақтайшамен тураланғанына көз жеткізіңіз. (9 және 10-суреттер)

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрылғыдағы емделушінің толық салмағымен реттеуге БОЛМАЙДЫ.



9-сурет




10-сурет

FLEXLOCK ТІЗЕ ТІРЕУІШІН АЛЫП ТАСТАУ

6. Тізе тіреуішін алып тастау үшін оны жоғары және позициялық тақтайшадан және үстел бетінен көтеріп алып тастаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрылғыны сырғымалы құлыптан ұстап көтеруге немесе тасымалдауға БОЛМАЙДЫ. (11 және 12-суреттер)



11-сурет



12-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІН ТІРКЕУ (RT-4489STRAP)

Қосымша аксессуар. *Бөлек сатылады.*

АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІНІҢ ТІРКЕМЕСІН ОРНАТУ

1. Аяқ және табан белдігі тіркемесін FlexLock тізе тіреуішіне бекіту үшін тіркемедегі пластмасса тірек пен қалқандағы ұяшықты туралаңыз.
2. Шығыңқы бөлікті ойыққа орнына түскенше мықтап басыңыз.



13-сурет


ТІЗЕ ЖӘНЕ АЯҚ БЕЛДІГІН АЛЫП ТАСТАУ

Тізе және аяқ белдігін алып тастау үшін пластмасса тіркеме бөлігін ұядан шығып кеткенше төмен қарай итеріңіз.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


FLEXLOCK АЯҚ ТІРЕУІШІН РЕТТЕУ

1. Қажет саңылауларды қызыл позициялық тақтайша істікшелерімен туралау арқылы позициялық тақтайшаға аяқ тіреуішін орнатыңыз. (14-сурет)



14-сурет

2. Аяқтың артқы жағындағы ақ триггерді басып, қажетті бұрышқа қисайту арқылы аяқ тіреуішінің бұрышын реттеңіз. (15-сурет)



15-сурет

FLEXLOCK АЯҚ ТІРЕУІШІН АЛЫП ТАСТАУ

Табан тіреуішін алып тастау үшін оны жоғары және позициялық тақтайшадан және үстел бетінен көтеріп алып тастаңыз.


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІН ТІРКЕУ (RT-4489STRAP)

Қосымша аксессуар. *Бөлек сатылады.*

АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІНІҢ ТІРКЕМЕСІН ОРНАТУ

1. Аяқ және табан белдігі тіркемесін FlexLock аяқ тіреуішіне бекіту үшін тіркемедегі пластмасса тірек пен қалқандағы ұяшықты туралаңыз.
2. Шығыңқы бөлікті ойыққа орнына түскенше мықтап басыңыз.



16-сурет

ТІЗЕ ЖӘНЕ АЯҚ БЕЛДІГІН АЛЫП ТАСТАУ

Тізе және аяқ белдігін алып тастау үшін пластмасса тіркеме бөлігін ұядан шығып кеткенше төмен қарай итеріңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрылғының бетіне сұйықтықтарды шашуға немесе құюға БОЛМАЙДЫ.

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрылғының үстіне өткір заттар қоюға БОЛМАЙДЫ.

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз. Құрылғыны сыртынан тексеріп, егер ол таза болмаса, алдыңғы тазалау қадамдарын таза болып көрінгенше қайталаңыз. Құрылғыдағы тазалағыш ерітінді қалдығын суға малынған таза шүберекпен сүртіп кетіріңіз. Құрғату үшін құрылғыны таза, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Төмендегі тазалау материалына сынақ жүргізіліп, ол құрылғыны тазалауға жарамды деп танылды.



- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Құрылғыны зарарсыздандыру үшін өндірушінің нұсқауларына сәйкес төмендегілердің бірін пайдаланыңыз. Пайдалану алдында құрылғының бетін шүберекпен сүртіп, құрылғыны құрғатыңыз.

- 70% спирт
- Super Sani-Cloth® сүрткіші
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ



1. RT-4800-KS – FlexLock тізе тіреуіші
2. RT-4800-FS – FlexLock аяқ тіреуіші
3. 8003050 – FlexLock тізе тіреуішінің серіппесін ауыстыру жинағы
4. RT-4489STRAP – аяқ және табан белдігін тіркеу (қосымша аксессуар)

БАПТАУ ПАРАҒЫ

FLEXLOCK™ ТІЗЕ ТІРЕУІШІ ЖӘНЕ АЯҚ ТІРЕУІШІ

Емделушінің аты-жөні:

Емделушінің идентификатор №:


Орнатушы:

Дәрігер:


Күні:

Түсініктемелер:

RT-4800-KS – FlexLock™ тізе тіреуіші



RT-4800-FS – FlexLock™ аяқ тіреуіші



ТІЗЕ ТІРЕУІШІ

1. Позициялық тақтайшаның үстел бетінде орналасуы:
2. Тізе тіреуішінің конфигурациясы (біреуін таңдаңыз): **Шағын** **Үлкен**
3. FlexLock тізе тіреуішінің позициялық тақтайшада орналасуы (біреуін таңдаңыз):

A	B	C	D	E
V	W	X	Y	Z

АЯҚ ТІРЕУІШІ

4. Позициялық тақтайшаның үстел бетінде орналасуы:
 5. FlexLock табан тіреуішінің позициялық тақтайшада орналасуы (біреуін таңдаңыз):
- | | | | | |
|---|---|---|---|---|
| A | B | C | D | E |
|---|---|---|---|---|
6. FlexLock аяқ тіреуішінің орналасу бұрышы (біреуін таңдаңыз):
- | | | | | | | |
|----|----|-----|-----|-----|-----|-----|
| 0° | 5° | 10° | 15° | 20° | 25° | 30° |
|----|----|-----|-----|-----|-----|-----|

АЯҚ ЖӘНЕ ТАБАН БЕЛДІГІН ТІРКЕУ Иә Жоқ

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ – 2008425_IFU, FlexLock Knee Support and Foot Support_KK

Qfix | 440 Church Road | Avondale, Pennsylvania 19311 USA | ☎ +1 484-720-6053 | 📠 +1 610-268-0588 | www.Qfix.com



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

☎ +1 484.720.6053 / 800.526.5247

☎ +1 610.268.0588 / 800.831.8174

✉ sales@Qfix.com

2008425_KK_A
2023-07